

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ИНДУСТРИЯ ЖӘНЕ
ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫҚ ДАМУ
МИНИСТРЛІГІ



МИНИСТЕРСТВО
ИНДУСТРИИ И
ИНФРАСТРУКТУРНОГО РАЗВИТИЯ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан қ, Қабанбай Батыр даңғылы, 32/1
32/1
тел.: 8(7172) 98 33 11, 98 33 33 факс: 8(7172) 98 31 11
e-mail: miid@miid.gov.kz
miid@miid.gov.kz

010000, г. Нур-Султан, пр. Кабанбай Батыра
тел.: 8(7172) 98 33 11, 98 33 33 факс: 8(7172) 98 31
e-mail:

№ _____

2021 жылғы 4 маусымдағы
№ 10-10-953/1670-1//17-09/1783дз/ДЗ-108 депутаттық сауалға

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің депутаттары,
«Nur Otan» Партиясы фракциясының мүшелері
А. Рауға, Г. Бижановаға, А. Платоновқа

Құрметті депутаттар!

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі жұмыс тобының қызметіне қатысты жоғарыда көрсетілген депутаттық сауалды орындау үшін мынаны хабарлайды.

2021 жылғы 4 мамырда ҚР Премьер-Министрінің орынбасары Р.В. Склярдың хаттамалық тапсырмасы шеңберінде «АрселорМиттал Теміртау» АҚ-мен инвестициялық келісімді қарау бойынша жұмыс тобы және өндірісті жақсарту, қоршаған ортаны қорғау мәселелері, инвестициялық келісімшарт, салық мәселелерін реттеу, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, әлеуметтік мәселелер бойынша кіші жұмыс топтары құрылды.

Ағымдағы жылғы 5 мамыр мен 10 маусым аралығында ҚР Премьер-Министрінің орынбасары Р.В. Склярдың төрағалығымен «Астана» халықаралық қаржы орталығымен және «АрселорМиттал Теміртау» АҚ-мен бірлесіп жұмыс топтарының отырыстары өткізілді.

Отырыстардың қорытындылары бойынша ҚР Үкіметі мен «АрселорМиттал Теміртау» АҚ арасында Қазақстан Республикасында тұрақты металлургия өнеркәсібін дамытудағы ынтымақтастық қағидаттары туралы негіздемелік келісімге (бұдан әрі – Негіздемелік келісім) қол қоюды, 3 жылға арналған инвестициялық басым келісімшартқа қол қоюды, барлық өндірістік циклдың орнықтылық мәніне ауқымды талдау жүргізуді, кәсіпорынның экологиялық, қауіпсіз, әлеуметтік және еңбек дамуы бағдарламасын қабылдауды, кемінде 10 жыл мерзімге инвестициялар туралы келісімге қол қоюды көздейтін шешімдер тұжырымдамасы әзірленді.

Қарастырылып отырған Негіздемелік келісімнің жобасында инвестициялар туралы ұзақ мерзімді келісім жасалғанға дейін «АрселорМиттал Теміртау» АҚ компаниясы тәуелсіз консультанттарды тарта отырып, экологиялық, қауіпсіз, әлеуметтік, еңбек және коммерциялық орнықтылық мәніне бүкіл өндірістік циклге ауқымды талдау (sustainability audit) жүргізуді және талдау нәтижелерін келісілген мерзімде ҚР Үкіметіне жіберуді көздейді.

Сондай-ақ тұрақтылықты талдау нәтижелерінің негізінде, өндірістегі тәуекелдерді алдын алу мақсатында Тараптар «АрселорМиттал Теміртау» АҚ-ның экологиялық, әлеуметтік, еңбек дамуы, сондай-ақ өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі бағдарламаларын жазбаша келіседі.

Бүгінгі күні Негіздемелік келісімнің жобасы мемлекеттік органдардың қарауында жатыр.

Тараптар ұсынған ұстанымдарды келіскеннен кейін Негіздемелік келісімге «АрселорМиттал Теміртау» АҚ-мен қол қойылатын болады.

Ақпарат тәртібінде енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Индустрия және инфрақұрылымдық даму
министрі

Б. Атамқұлов

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ИНДУСТРИЯ ЖӘНЕ
ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫҚ ДАМУ
МИНИСТРЛІГІ



МИНИСТЕРСТВО
ИНДУСТРИИ И
ИНФРАСТРУКТУРНОГО РАЗВИТИЯ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан қ, Қабанбай Батыр даңғылы, 32/1
32/1
тел.: 8(7172) 98 33 11, 98 33 33 факс: 8(7172) 98 31 11
e-mail: miid@miid.gov.kz
miid@miid.gov.kz

010000, г. Нур-Султан, пр. Кабанбай Батыра
тел.: 8(7172) 98 33 11, 98 33 33 факс: 8(7172) 98 31
e-mail:

№ _____

*На депутатский запрос № 10-10-953/1670-1//17-09/1783дз/ДЗ-108
от 4 июня 2021 года*

**Депутатам Мажилиса Парламента
Республики Казахстан,
члены Фракции Партии «NurOtan»
А. Рау, Г. Бижанова, А. Платонов**

Уважаемые депутаты!

Министерство индустрии и инфраструктурного развития Республики Казахстан во исполнение вышеуказанного депутатского запроса касательно деятельности рабочей группы, сообщает следующее.

4 мая 2021 года в рамках протокольного поручения Заместителя Премьер-Министра РК Р.В. Скляра создана рабочая группа по рассмотрению инвестиционного соглашения с АО «АрселорМиттал Темиртау» и рабочие подгруппы по улучшению производства, вопросам охраны окружающей среды, инвестиционному контракту, регулированию налоговых вопросов, промышленной и пожарной безопасности, социальным вопросам.

В период с 5 мая по 10 июня текущего года под председательством Заместителя Премьер-Министра РК Р.В. Скляра проведены заседания рабочих подгрупп совместно с Международным финансовым центром «Астана» и АО «АрселорМиттал Темиртау».

По итогам заседаний разработана концепция решений, которая предусматривает подписание Рамочного соглашения о принципах сотрудничества в развитии устойчивой металлургической промышленности в Республике Казахстан между Правительством РК и АО «АрселорМиттал Темиртау» (далее – Рамочное соглашение), подписание инвестиционного приоритетного контракта на 3 года, проведение обширного анализа всего производственного цикла на предмет устойчивости, принятие программы экологического, безопасного, социального и трудового развития предприятия, подписание соглашения об инвестициях на срок не менее 10 лет.

В рассматриваемом проекте Рамочного соглашения до заключения долгосрочного соглашения об инвестициях, компанией АО «АрселорМиттал

Темиртау» предусмотрено проведение обширного анализа (sustainability audit) всего производственного цикла на предмет экологической, безопасной, социальной, трудовой и коммерческой устойчивости с привлечением независимых консультантов и направление результатов анализа в Правительство РК в согласованные сроки.

А также на основе результатов анализа устойчивости, в целях проактивного предупреждения рисков на производстве, Стороны письменно согласуют программы АО «АрселорМиттал Темиртау» по экологическому, социальному, трудовому развитию, а также обеспечению промышленной безопасности.

На сегодняшний день проект Рамочного соглашения находится на рассмотрении в государственных органах.

После согласования позиций, предложенных сторонами, Рамочное соглашение будет подписано с АО «АрселорМиттал Темиртау».

Вносится в порядке информации.

**Министр
индустрии и инфраструктурного развития
Республики Казахстан**

Б. Атамкулов

Исп.: Ж. Кабдешев

Тел.: 75-47-11

kabdeshev.zh@miid.gov.kz